«Мүгедектер қоғамы «Ел-Мұраты» ҚБ

№16485914-1 конкурсы, №84764027-ГСЗ1 лоты бойынша мемлекеттік сатып алу жөніндегі конкурстық комиссияның шешіміне қатысты «Мүгедектер қоғамы «Ел-Мұраты» ҚБ-ның шағымы бойынша «Ұйғыр ауданының жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі» ММ төмендегіні хабарлайды.

Шағымда келтірілген уәждер, сондай-ақ конкурстық рәсім материалдары қаралып, конкурстық комиссия оны қанағаттандыруға негіз жоқ деп санайды, келесі себептерге байланысты.

1. №1 критерий бойынша (техникалық сипаттамаға сәйкестік) Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2024 жылғы 9 қазандағы №687 бұйрығымен бекітілген Мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру қағидаларының 460-тармағына сәйкес, жобалық ұсыныстарды бағалау ұсынылған құжаттар мен мәліметтер негізінде жүргізіледі.

«АУЛИЕ ШОҚА» корпоративтік қорының өтінімі комиссия тарапынан толық көлемде қаралды. Ұсынылған жобалық ұсыныста жобаны іске асырудың егжей-тегжейлі жоспары, іс-шаралардың сипаттамасы, жобаның мақсаттары, күтілетін нәтижелер және оның техникалық сипаттамаға сәйкестігін бағалауға мүмкіндік беретін өзге де параметрлер қамтылған.

Өтініш берушінің техникалық сипаттаманы формалды түрде қайталау туралы уәждері ұсынылған құжаттар мен мәліметтермен расталмайды. Сонымен қатар, қолданыстағы заңнама жобалық ұсынысты дайындау кезінде техникалық сипаттама тұжырымдарын пайдалануға тыйым салмайды, егер жобаның мазмұны ашылған болса.

Осылайша, аталған критерий бойынша 0 балл қоюға негіз анықталған жоқ.

2. №4 критерий бойынша (жұмыс тәжірибесін растау) Конкурстық құжаттамаға сәйкес, жұмыс тәжірибесі әлеуетті өнім беруші ұсынған құжаттар, атап айтқанда орындалған жұмыстар актілері мен электрондық шот-фактуралар (ЭСФ) негізінде расталады.

«АУЛИЕ ШОҚА» корпоративтік қоры 2017 жылғы наурыз айынан 2025 жылғы желтоқсан айына дейінгі кезеңде қызметтердің нақты көрсетілгенін растайтын орындалған жұмыстар актілері мен шот-фактураларды ұсынды. Алайда кейбір шарттар бойынша ЭСФ болмауына байланысты, тек орындалған жұмыстар актілері ұсынылғандықтан, комиссия жеңімпаздың тәжірибесіне тек 5 жыл 4 айды есептеді. Балл конкурстық құжаттаманың 21-қосымшасына сәйкес берілді, яғни «ұқсас қызметтер көрсету нарығында бес жылдан сегіз жылға дейін (қоса алғанда) жұмыс тәжірибесі бар әлеуетті өнім беруші» санатына сәйкес.

Осылайша, электрондық шот-фактуралар болмаған кезеңдердегі жұмыс тәжірибесі конкурстық комиссия тарапынан есепке алынған жоқ.

3. №4-қосымша бойынша (бенефициарлық меншік туралы мәліметтер) Жеңімпаздың өтінімінде конкурстық құжаттамада көзделген көлемде

бенефициарлық меншік туралы мәліметтер бар. Атап айтқанда, «Аулие Шока» КҚ және «Ұйғыр аудандық мүгедектер қоғамы» ҚБ құрылтай құжаттары ұсынылған. Сонымен қатар, жеңімпаз «Қосымша құжаттар» бөлімінде өзге де құжаттарды ұсынған.

Осы бөлікте өтінімді жібермеуге кедергі келтіретін немесе конкурс нәтижелеріне әсер ететін бұзушылықтар анықталған жоқ.

Қорытынды:

Шағымды қарау барысында мыналар анықталды:

1. өтінімдерді бағалау заңнама талаптарына және конкурстық құжаттамаға сәйкес жүргізілген;
2. қатысушылардың теңдігі, ашықтық және объективтілік қағидаттары сақталған;
3. өтініш берушінің уәждері құжатпен расталмаған және бағалау сипатында.

Осыған байланысты конкурс нәтижелерін қайта қарауға және жеңімпазды анықтау туралы шешімді жоюға негіздер жоқ.

Шешім:

«Мүгедектер қоғамы «Ел-Мұраты» ҚБ шағымын қанағаттандырудан бас тартылсын.

Осы жауап Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен шағымдануы мүмкін.

ММ басшысының м.а. **Н. Генякова**

27.03.2026 ж.